





ПӘНАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ
ӨЗЕКТІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР
ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

научных и учебно-методических статей
ТЕМАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ
В МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫХ ПРОБЛЕМАХ

MATERIALS

of scientific and methodological articles
CURRENT TRENDS
IN INTERDISCIPLINARY ISSUES



17 наурыз
марты
th of march **2022**

Қазақстан, Алматы қ.
Қазақстан, г. Алматы
Kazakhstan, Almaty

ПӘНАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ
ӨЗЕКТІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАҚАЛАЛАР
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
научных и учебно-методических статей
ТЕМАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ
В МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫХ ПРОБЛЕМАХ

MATERIALS
of scientific and methodological articles
CURRENT TRENDS
IN INTERDISSCIPLINARY ISSUES

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы шет тілдер кафедрасы баспаға ұсынған.*

Редакциялық алқа:

Джолдасбекова Б.У., Досмагамбетова Д.Ж., Мулдағалиева А.А.,
Баймұратова И.А., Құлжанбекова Ғ.Қ.

Құрастырғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, доцент *А.А. Мулдағалиева*
филология ғылымдарының кандидаты, доцент *Ғ.Қ. Құлжанбекова*
филология ғылымдарының кандидаты *И.А. Баймұратова*
аға оқытушы *М.Б. Тлеулинова*

Пәнаралық мәселелердегі өзекті тенденциялар атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 414 бет.

ISBN 978-601-04-5955-7

Жинақ 2022 жылы 17 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің шет тілдер кафедрасында өткен «Пәнаралық мәселелердегі өзекті тенденциялар» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдары негізінде дайындалды.

Жинақ білімнің әртүрлі салаларындағы магистранттардың ғылыми әзірлемелері мен материалдарын ұсынады. Ол кең ауқымды мамандарға, жас ғалымдарға, магистранттар мен докторанттарға арналады.

Сборник подготовлен по материалам международной научно-методической конференции «Актуальные тенденции междисциплинарных вопросов», состоявшейся 17 марта 2022 года на кафедре иностранных языков КазНУ им. аль-Фараби.

В сборнике представлены научные разработки и материалы магистрантов, молодых исследователей в различных областях знаний. Сборник предназначен для широкого круга специалистов, молодых ученых, а также магистрантов и докторантов.

ДҮРБЕКАҚЫНЖЫРЛАҒАН «ЖҮСІП-ЗЫЛИХА» ДАСТАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІКЕРЕКШЕЛІГІ

Мурзатаева А.Т., МәтбекН.Қ.,
1-курс докторанты.,
аға оқытушы.,
Филология факультеті,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы
Әл-фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Дүрбек ақын нәзира тәсілімен жырлаған Жүсіп-зылиха дастанының зерттелуі мен ерекшеліктері сипатталады. Жүсіп-Зылиха дастаны ел билеушілер арасында тәж бен тақ, байлық пен мансап үшін болатын қанды соғыстарды, адамдар арасындағы алауыздық зардаптарын паш еткен дастан болды.*

***Түйін сөздер:** Алтын Орда, нәзира, жыр, дастан.*

***Аннотация.** В данной статье рассказывается об изучении и особенностях эпоса Юсуп-Зылиха, воспетого поэтом Дурбеком с использованием формы перевода "назира". Эпос Юсуфа-Зылиха был эпосом, показывающим кровопролитные войны между правителями страны за корону и трон, богатство и карьеру, последствия разделений между людьми.*

***Ключевые слова:** Золотая Орда, назира, поэма, эпическая поэма.*

***Abstract.** This article describes the study and features of the epic Yusup-Zylikh, written by the poet Durbek using the form of translation "Nazira". The epic of Yusuf-Zylikh was an epic showing the bloody wars between the rulers of the country for the crown and throne, wealth and career, the consequences of divisions between people.*

***Key words:** The Golden Horde, nazira, poem, epic poem*

«Жүсіп-Зылиха» – махаббат тақырыбын негізге алған ғашықтық дастан. Әу баста бұл дастан Інжіл мен Құрандағы Жүсіп пайғамбар туралы оқиғаға құрылған болатын. Сюжеті Шығыстың көп ақындарының шығармаларына өзек болған. Оның ауызша нұсқаларымен бірге жазба нұсқалары да бар. Дастанның көне қолжазбалары Британия мұражайында және Будлин кітапханасында сақталған. Қазақ халқы арасына «Жүсіп-Зылиха» жыры ерте кезден-ақ кең тараған. Мысалы, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің аты танымал өкілі Дүрбек ақын да оғыз-қыпшақ тілінде ««Жүсіп-Зылиха» (1409) дастанын жазған. Дастанның 1516 ж. көшірілген ең көне нұсқасы Түркияның Топқани кітапханасында, ал 1563 ж. көшірілген 2-нұсқасы Париж ұлттық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы тұр [1]. Дүрбек 14 ғ. соңы мен 15 ғ. басында өмір сүрген ақын. Жүсіп пен Зылиха арасындағы махаббат сезімін арқау еткен қисса –хикаяттардың кезінде Шығыс әдебиетінде кең тарағаны болып саналады.

Дүрбектің Жүсіп пен Зылиха туралы тартымды сюжеттерді бетке ұстай отырып, өзінің төл туындысы ретінде жазды. «Жүсіп-Зылиха» дастанының идеясы – ел билеушілер арасында тәж бен тақ, байлық пен мансап үшін болатын қанды соғыстарды, адамдар арасындағы алауыздық зардаптарын паш ету болды. Дүрбек «Жүсіп-Зылиха» сюжетіне тұңғыш рет түркі (шағатай) тілінде көркем туынды жазған ақын.

«Жүсіп-Зылиха» дастанының басты қаһармандары: Жүсіп, оның он бір бауыры, Зылиха, Жүсіптің әкесі Жақып, Мағриб елінің патшасы Таймус, Мысыр патшасы Райян. «Жүсіп-Зылиха» дастанын Бертельс, С.Хайдаров зерттеді. «Жүсіп-Зылиха» дастаны негізінде назира-гөйлік дәстүрі бойынша қазақтың бірқатар «кітаби ақындары» қисса-хикаяттар жазған болатын.

Дүрбек дастанға Алтын Орда мен Мауераннаһрда 14 – 15 ғасырларда болған кейбір тарихи оқиғаларды өзек еткен. Дастанның негізгі идеясы – ел билеушілер арасындағы тәж бен

тақ үшін, байлық пен мансап үшін жиі-жиі болатын қанды соғыстардың, ағайын адамдар арасындағы бақталастық пен алауыздықтың, шектен тыс қатыгездіктің зардаптарын көрсету. «Жүсіп-Зылиха» дастанының сюжетін өзге ақындар да нәзира үлгісімен қайта жырлаған. Мысалы, қазақ ақыны Ж.Шайхысыламулы да осы сюжетті арқау еткен «Жүсіп-Зылиха» қиссасын жазып, оны Қазан баспаларынан бірнеше рет (1898, 1901, 1913) бастырып шығарған. Қасиетті Құрандағы аяттарда Жүсіп пайғамбардың Зылихаға үйленгендігі жайында сөз жоқ. Бірақ оқиғаның Мысыр жерінде болғандығы айтылған. Зылиха есімі аталмаған, тек әйел деп жазылған. Құран тәпсірлерінде ол патша уәзірінің әйелі деп жазылған.

Осы оқиға негізінде алғаш рет шығыс әдебиетінде Фирдоуси, Ансари, одан кейін 1233 жылы Хорезмнен шыққан Құлғали деген ақын жазған. Аталмыш дастан бііздің заманымызға «Жүсіп туралы аңыз» деген атпен жетті. Бұдан кейін «Йусуф уа Зулайха» деген дастан жазған Низами, Дүрбек, Андалиб, Рабғузи, Жәми, Шаииад Хамза, Назым Хикмет және т.б. шайырлар болды [2, 31].

Дүрбек Алтын Орда мен Мауреннахрда 14-15 ғасырларда болған кейбір тарихи оқиғаларды өз дастанына өзек етіп алған. Әлемді дүр сілкіндірген Әмір Темірдің 1405 жылы 19-қаңтарда Отырар қаласында кенеттен қайтыс болғаны мәлім. Бұл хабарды естіген бойда-ақ Әмір Темір ұрпақтары тақ

пен тәжге таласып, бүкіл Мауреннахр өңірін ұзақ жылдар бойы қанды шайқастар алаңына айналдырды. Осындай соғыстардың бірі Әмір Темірдің ұлы Шахрух пен немересі Халил арасында 1409 жылы Балх қаласы үшін болған еді. Бұл соғыста Балх қаласының халқы түгел қырылғанын Дүрбек өз көзімен көреді [3;6-7].

Түрк тіліндегі ең көне нұсқалары: Әлидің «Қисса-и Иусуф», Рабғузидің «Қисса Иусуфи» Бірі-өлеңмен, екіншісі қарасөзбен жазылған. Екеуінің де негізгі сюжеті бір, бірақ аздап айырмашылықтары бар. Мәселен Әлидегі Жүсіпті көру үшін Құдықта мың жыл отырған Мысыр көпесі Мәлік ибн Дағридың түсі, Жүсіптің көркіне қайран болып, халықтың аштығын ұмытқаны Рабғузиде кездеспейді. Фердаусидің шығармашылығын жетік білетін Ленинградтық ғалым Г.Т.Тагирджанов Әлидің,

Рабғузидің, Шайиад Хамзаның «Жүсіп – Зылихасын» Фердаусимен салыстыра қарап, Әли мен Рабғузи өздерінің бұрын туған көп үлгілердің ішінен Фердауси жырына айрықша сүйенеді, оқиғасы ғана емес, жекелеген жолдарында да ұқсастық бар деген қортындыға келген. Халық арасына кең тараған нұсқасын Әбдірахман Жәми 1483 жылы жырлаған, 77 тараудан төрт мың бәйттен тұрады. Дастанның мазмұны Інжіл мен Құран Кәрімде баяндалатын Жүсіп пайғамбар туралы оқиғаға құрылған [4]. Сюжеті Шығыстың көп ақындарының шығармаларына өзек болған. Жәмидің көзі тірісінде әлемге әйгілі «Жүсіп – Зылиха» жырын ақынның замандасы Моинеддин Мұхаммед Земчи «Тамаша сыр шертілген поэзиялық шығарма» деп бағалаған екен. «Жүсіп қиссасының» негізгі сюжетінде бұрынан белгілі «Жүсіп–Зылиха» қиссаларынан соншалықты айырмашылық жоқ. Мысалы, қазақ ақыны Жүсіпбек Шайхысыламулы да осы сюжетті арқау еткен «Жүсіп – Зылиха» қиссасын жазып, оны Қазан баспаларынан бірнеше рет (1898, 1901, 1913) бастырып шығарған [5;21]. Шығармада діни идеялар да кездеседі. Десек те шығарма махаббат туралы. Қай заманда болмасын, қай халықта болмасын махаббат тақырыбына жүгінбеген ақын жоқ. Өйткені махаббат – ерекше асқақ сезім. Адам баласы, кейбір заттарды ұмытса да, махаббатты еш уақытта ұмытпайды. Махаббат ол өмірімізді әрлеп, өмірімізге мағына беретін, мән-мағына беретін ерекше сезім. Әрине, бізге жеткен дастандар да махаббаттың құдіреттілігін насихаттайды. «Жүсіп – Зылиха» дастанының ерекшелігі бұл дастанда екі жастың жас ерекшелігі махаббатқа кедергі болмайды. Зылиха Жүсіптен үлкен болса да олардың бір-біріне деген ынтық сезімі өшпейді. Тақырыптың таңдалу себебіне келер болсақ, дастан махаббат туралы және қазақ даласына және жалпыға кең тараған дастан. Шығыстың романтикалық әдебиетінде махаббат тақырыбының қатары екі түрлі сарын басымдық танытады. Бірі махаббатты рахат пен ләззат көзі десе, енді бірі махаббатты қайғықасіреттің бастауы деп біледі. Ж.Шайхысламов версиясында осы екі мотив те кездеседі.

Алтын Орда дәуірінен жеткен жазба ескерткіштің фольклорлық мұраға қатысы да зерттеу жұмысында қамтылады. Ізденуші бас кейіпкердің батырлық күш-қайратын діни

аңыздар мен дастан жанрындағы типтік мотивтермен салыстыра отырып, Дүрбек нұсқасының түркілік қаһармандық эпос пен батырлық ертегілердегі дәстүрлі сарындарға жақын екендігін анықтайды.

Таурат, Инжіл сияқты ескілікті кітаптардан бастау алатын көне сюжетті түркі әлеміне таныстырған Әли ақын туындысын толық танып, білу үшін осы тақырыптың шығыс әдебиетіндегі игерілу жолымен таныс болған жөн. Мақала авторы Жүсіп бойындағы дәріптелетін он қасиеттің түрлі нұсқаларда қандай өзгерістерге ұшырағанын атап өтеді. Содан соң Фирдоуси версиясындағы психологизм элементтеріне назар аударады. Тіпті, Низамидің «Хұсырау-Шырын» поэмасы мен «Жүсіп-Зылиха» дастанының Жәми нұсқасынан да ұқсастықтар табады [6].

Қай шайырды алсақ та, дастанның соңын Жүсіптің кемеңгер даналығы мен темірдей төзімділігіне Мағриб елінің патшасы Таймус, Мысыр әміршілері Рян мен Әзиз ерекше риза болады. Соның арқасында Жүсіп Мысыр еліне патша болады. Патша Жүсіп бүкіл елдегі түрлі қантөгістер соғыстарды тоқтатып, бейбіт, бақытты өмір орнатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/203>
2. Әлібек Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. Кейбір халық әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы текстологиясы. – Алматы, 2007. – 170 б.
3. Дүрбек. Юсуф и Зулейха. Поэма в переводе Сергея Северцева – Москва: "Художественная литература", 1987 – 271 с.
4. Юсуф Зулайха қиссасы. ҰҒА-ның кітапханасы. Алматы, 63-64 б. 2409 папка.
5. А. Қыраубаева Ғасырлар мұрасы А., «Мектеп»1988. (78-85 б.)
6. Шайхулисламұлы Ж.Жүсіп–Зылиха//Ғашықнаме Алматы: Жазушы, 1976.

UDC 81'373

CASE STUDY: COMPARISON OF KAZAKH AND JAPANESE ETIQUETTE

Mukhtarova A.S., Zainolda N.B.,
undergraduate students majoring in Foreign Philology,
Japanese language,
The Faculty of Oriental Studies,
The Far East Department,
Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

Аңдатпа. Зерттеушілер қазақ және жапон этикетінің ерекшеліктеріне шолу беріп, салыстыру түрінде қарастырылып, сауалнама негізінде алынған студенттердің тәжірибесінен мысалдар келтіреді.

Түйін сөздер: әдептілік, тіл, тура сөйлеу, қарым-қатынас, мәдениет, сыйластық.

Аннотация. Исследователи рассматривают особенности казахского и японского этикета, сравнивают их и приводят примеры из опыта студентов, полученные на основе опроса.

Ключевые слова: этикет, язык, прямая речь, общение, культура, уважение.

Abstract. The researchers consider the features of Kazakh and Japanese etiquette, compare, and give examples from student's experiences obtained on the basis of a survey.

Key words: etiquette, language, direct speech, communication, culture, respect.

We, as future Japanologists, are trying to gain a deeper understanding of the intricacies of Japanese life, and etiquette plays a significant role in understanding the lifestyle of Japanese people. Interestingly, the Japanese are considered as one of the politest people all over the world. While dealing with the Japanese, this is immediately noticeable. It is customary for them to show